

«М. Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
**«БЕКІТІЛГЕН»**  
(2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама)

**«М. Өтемісов ат. Батыс Қазақстан университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

Орал қ., 2026 ж.

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Терминдер мен анықтамалар
3. Саясаттың қолданылу аясы
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаты, міндеттері мен принциптері
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл шаралары
6. Сыйлықтар және өкілдік шығындары
7. Өзара әрекет
8. Қайырымдылық ісіне қатысуы
9. Саяси қызметке араласуы
10. Саясатты жүргізуге жауаптылар
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік
12. Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық
13. Өзгерістер енгізу
14. Қорытынды ережелер
15. №1 қосымша
16. №2 қосымша
17. №3 қосымша

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және салдарын азайтуға бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мақсатын, міндетін, қағидаттарын айқындайтын негізгі құжат.

1.2 Қоғам Саясатының құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы *(бұдан әрі - Заң)*, ҚР Президентінің 02.02.2022 жылғы №802 Жарлығымен бекітілген ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы *(бұдан әрі - Тұжырымдама)*, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қоғамның Жарғысы мен өзге де ішкі құжаттардан тұрады.

1.3 Саясат Қоғам мен оның қызметкерлерінің өз лауазымдық міндеттерін жоғары этикалық стандарттарға сай орындауға, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін үлгі етуге және Қоғамның іскерлік беделін тиісті деңгейде ұстап тұруға адал екенін көрсетеді.

1.4 Саясат белгілейді:

1) қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі талаптары;

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқару және ұйымдастыру негіздері;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралары, сондай-ақ оның салдарын барынша азайту және (немесе) жою;

4) Қоғам қызметкерлері мен Университеттің білім алушыларының бойында Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттары талаптарын бұлжытпай сақтау қағидаларын тәрбиелеу.

## 2-ТАРАУ. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Осы Саясатта қамтылған кейбір ұғымдарға түсініктеме:

1) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты - қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылға бағытталған, қызметкерлер мүддесіне, мінез-құлқына және қызметіне ықпал ету қағидаттарының, әдістердің, құралдар мен нысандардың жиынтығы;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер - заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

3) сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер алу немесе алу мақсатында өздерінің

лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы және немесе үшінші тұлғалар үшін артықшылықтар, сондай-ақ осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою қызметі;

б) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заң бойынша әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы қылмысты іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

7) мүдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

8) Қоғамның лауазымды адамы - қоғамда тұрақты немесе уақытша ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық қызмет атқаратын тұлға;

8-1) ұйымдастыру-өкімдік қызметі - ҚР Заңында белгіленген тәртіпте берілген, қызмет бойынша бағынышты адамдар үшін орындалуы міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығару, сондай-ақ көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдану құқығы;

8-2) әкімшілік-шаруашылық функциялары - Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы;

9) контрагент - Қоғам өткізетін мемлекеттік сатып алуға қатысатын жеке кәсіпкерлік субъектісі, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізуші, жұмысқа қабылдануға кандидат және қоғам үшін мүдделі басқа да тұлғалар;

10) заңсыз сыйақы алу - азаматтардан Қоғам қызметкерінің міндетіне кіретін қызметтерді немесе жұмыстарды орындағаны үшін, оның ішінде жәбірленуші өзінің заңды мүдделерінің зиянды салдарын болғызбау үшін сыйақы төлеуге мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасағаны үшін мүліктік сипаттағы пайданы (ақша, түрлі тауарлар, материалдық құндылықтар және т. б.) заңсыз алу;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыратын және жүргізетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері - мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуіне, Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге жауапты Қоғам бөлімшесі;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту - бұл азаматтық-құқықтық шартты орындауда сыбайлас жемқорлық әрекеттердің жасалуына жол бермеу үшін оған енгізілетін шарт;

15) сән-салтанат заттары – өмір сүру үшін аса қажет деп табылмайтын заттар, бағасы бойынша тек ауқатты адамдар мен отбасылар қол жеткізе алатын, ерекше талғамға сай өнімдер.

### **3-тарау. САЯСАТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

3.1. Осы Саясат атқаратын лауазымының деңгейіне және функционалдық міндеттеріне қарамастан, Қоғамның барлық лауазымды тұлғаларына, оларға теңестірілген адамдарға, сондай-ақ Қоғам қызметкерлеріне қолданылады және бәріне қатысты.

3.2. Осы Саясатты сақтау талаптары Қоғаммен азаматтық-құқықтық шарттар негізінде ынтымақтастық құратын жеке және заңды тұлғаларға қатысты да қолданылады.

## **Глава 4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ ЖӘНЕ ҰСТАНЫМЫ**

### ***4.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты:***

- 1) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою;
- 2) атқаратын лауазымына қарамастан Қоғамның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, өкілдері мен контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға еруін барынша азайту;
- 3) Қоғам қызметкерлерінің бойында лауазымдық міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлықтан бас тартатындай, академиялық адалдық қағидаттарын ұстанатындай, сыбайлас жемқорлыққа «мүлде төзе алмайтындай» құқықтық мәдениет қалыптастыру;

***4.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат*** Қоғамның жоғары этикалық стандарттарды, ашық әрі адал өзара іс-қимыл қағидаттарын ұстанатынын, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті жетілдіруге, корпоративтік басқарудың үздік практикаларын ұстануға және іскерлік беделді тиісті деңгейде ұстап тұруға ұмтылысын көрсетеді және мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) азаматтар мен қоғам қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі;

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР заңнамасына және қоғамға қатысты қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келеді.

2) қызметегі академиялық адалдық;

Мемлекеттік гранттар, Ректор гранттары негізінде жүзеге асырылатын зерттеулер бойынша есептер, докторанттар мен магистранттардың диссертациялары, білім алушылардың дипломдық жұмыстары, кез келген деңгейдегі басылымдарда жарияланатын көпшілік үшін қолжетімді барлық жұмыстардың «Плагиатқа қарсы» жүйеде міндетті тексеруден өтуі.

3) Қоғам қызметінің жариялылығы мен ашықтығы;

Қоғамның қызметкерлері, білім алушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы жүйелі түрде хабардар етіледі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастырып, орындауға белсенді түрде қатысады.

4) сыбайлас жемқорлықтың қандай түрі мен көрінісі болмасын, одан бас тарту;

5) Қоғам басшылығының өзі үлгі болуы;

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруда және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың ұйымышilik жүйесін құрудағы Қоғам басшылығының маңызды рөлі.

6) жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тәуекелге сәйкес болуы;

Қоғамда Қоғамды, оның лауазымды тұлғаларын, қызметкерлерін, өкілдері мен контрагенттерін сыбайлас жемқорлық әрекетіне тарту ықтималдығын төмендету іс-шаралары әзірленіп, орындалады.

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі;

В Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарапайым орындалатын және жақсы нәтиже беретін іс-шаралар қолданылады;

8) жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы;

Сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, Қоғамның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, өкілдеріне олардың лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан жазаның бұлтартпаушылығы, сондай-ақ Қоғам басшылығының ұйымдық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізгені үшін дербес жауапкершілік алуы.

9) тұрақты бақылау және жүйелі мониторинг;

Қоғамда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы енгізілген стандарттар мен рәсімдердің тиімділігіне, сондай-ақ олардың орындалуын бақылап отыруға;

10) Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылда басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларды жүйелі және кешенді пайдалануға үнемі мониторинг жүргізіліп отырады.

***4.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына мынадай міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:***

1) сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін жою;

- 2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және салдарының туындауына жол бермеу;
- 3) Сыбайлас жемқорлық көріністері мен алаяқтықты анықтау, жолын кесу және алдын алу;
- 4) Қоғамның лауазымды адамдары, қызметкерлері, өкілдері мен контрагенттерінің, Университет білім алушыларының міндеттерін белгілеу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі нормаларын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданылатын талаптарын білу және сақтау;
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- 6) мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- 7) құқықтық құжаттарға, құрылымдық бөлімшелер мен Қоғамның қызметін реттейтін құжаттарға, сондай-ақ Қоғам құжаттарының жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;
- 8) білім алушы жастарды, білім беру үрдісі субъектілерін еліміздің қазіргі азаматының бейнесі сыбайлас жемқорлық көріністері бар әрекеттермен үйлеспейтіндігі туралы нық сеніммен тәрбиелеу;
- 9) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері туралы Ережеде көзделген іс-шараларды жүзеге асыру.

## **5-тарау. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ**

5.1 Алға қойған мақсатқа қол жеткізіп, міндеттерді орындау үшін төмендегідей іс-шараларды жүргізу қажет, оған мыналар жатады:

### **1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында құқық қолдану практикасының жай-күйіне қатысты ақпараттарды жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау іс-шараларын жүргізудің қажеттілігін білдіреді.

Мониторингі комплаенс-офицер жүргізеді, оның нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіз болып саналады.

### **2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау;**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Типтік Ережесіне сәйкес жүргізіледі (2016 жылғы 19 қазанда Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының №12 бұйрығымен бекітілген, ҚР Әділет министрлігінде 21.11.2016 ж. №14441 болып тіркелген).

Талдау анықтамасы жұмысына талдау жүргізілген бөлімшенің басшысымен келісіледі, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсыныстарды қарастырып, жауап қайтару үшін Басқарма Төрағасы-ректорға жіберіледі.

### **3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту;**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық әсерінің алдын алу немесе азайту үшін Қоғам қызметіне арналып белгіленген ұсынымдар, кепілдіктер, шектеулер немесе тыйымдар жүйесі;

**4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру;**

Заңда көзделген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті аясында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі іс-қимыл шараларының бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау - оның қалыптасуының, сондай-ақ болашақ ұрпақты рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеудің маңызды шарты. Сыбайлас жемқорлықты азайту үшін қазіргі мемлекеттің болашағы - жастарға ерекше көңіл бөлген жөн. Балалар мен түрлі жастағы жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын, мазмұнының ерекшеліктерін, нысандарын, әдістері мен құралдарын жүзеге асыру үшін педагогикалық көзқарас қажет. Өскелең ұрпақпен жүргізілетін білім беру мен тәрбие жұмысының теориясына және практикасына көзқарастың өзгеруі азаматтық қоғамның дамып, нығаюына, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы тиісті білімі бар, сыбайлас жемқорлық көріністерін өздерінің азаматтық құқықтарын бұзу ретінде қабылдайтын және құқықтарын қорғауға дайын жастарды тәрбиелеуге алып келуі тиіс.

***5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;***

Заңның 1-бабының 4-тармағында белгіленген анықтамаға кіретін лауазымды адамдар Заңның 12-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ҚР заңнамасының барлық талаптары мен міндеттемелерін сақтауға міндетті. *(Осы Саясаттың №1 қосымшасы)*

Заң талаптарына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылмайтын Қоғамның лауазымды адамдары осы Саясаттың және Қоғамның басқа да нормативтік құжаттарының барлық талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлық алғышарттарын туындатпауға міндетті. *(Осы Саясаттың №2 қосымшасы)*

***6) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу;***

Мүдделер қақтығысы қоғамдағы лауазымды тұлға немесе қызметкердің жеке қызығушылығы оның өз міндеттерін қалай атқаратынына әсер етуі мүмкін жағдай. Мүдделер қақтығысы іс жүзінде сыбайлас жемқорлықтың бір түрі болып саналмайды, бірақ сыбайлас жемқорлыққа әкелуі мүмкін жағдай туғызады.

Мүдделер қақтығысын немесе оның туындау қаупін азайту үшін іс-әрекеттерді шектеу, өздігінен бас тартуды міндеттеу, мүдделерді жариялау, этикалық кодекстер, тәуелсіз комиссиялар және т. б. түріндегі жанжалдың алдын алу қолданылады.

Қоғамдағы мүдделер қақтығысын реттеу корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі ішкі нормативтік актіні қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

***7) Қоғамның ішкі құжаттары мен жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама;***

Ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларға талдау жасау әзірлеушінің жеткілікті деңгейде негізделмеген жобаны жасыру, қолдау немесе жұртшылықты өзінің түпкі ойына қатысты адастыру ниетін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама кезінде мыналарға ерекше назар аудару қажет:

- ішкі нормативтік құжаттың жобасын Қазақстан Республикасы ратификациялаған басқа нормативтік құқықтық актілермен немесе халықаралық шарттармен, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттармен келісу;

- құжат жобасын қабылдаудан пайда көре алатын субъектілердің болуы және осындай пайда алу тәсілдері;

- ішкі нормативтік құжаттың жобасы әсер етуі мүмкін субъектілер және осындай ықпал ету формалары;

- ішкі нормативтік құжат жобасының қаржылық негіздемесі;

- ішкі нормативтік құжатта берілген құқық Қоғам үшін жағымсыз нәтиже беруі мүмкін немесе берген өзге де жағдайларда.

**8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «шұғыл қоңырау желісі»;**

Сенімділікті арттыру үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Шұғыл қоңырау желісі» (бұдан әрі - «Шұғыл қоңырау желісі») жұмыс істейді.

Қоғамның кез келген қызметкері, контрагент немесе кез келген басқа тұлға өзіне ыңғайлы нысанда, оның ішінде құпиялылық не анонимдік шарттарында өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, мүдделер қақтығысы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат ережелерін бұзу фактілері туралы, сондай-ақ өз әрекеттеріне немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарына сай Қоғаммен өзара іс-қимыл жасайтын басқа қызметкерлердің, лауазымды адамдардың, өкілдердің, контрагенттердің немесе өзге де адамдардың әрекеттері/әрекетсіздігіне сәйкес, өзінің алаңдаушылығы немесе күмәні туралы хабарлай алады.

«Шұғыл қоңырау желісінің» байланыс ақпараты Интернет желісіндегі Университеттің ресми сайтында, ақпараттық стендтерде және өзге де көпшілікке қолжетімді орындарда орналастырылады.

**9) қарсы іс-шаралар мен санкциялардан бас тарту;**

1) Қоғамның кез келген қызметкері немесе Қоғаммен қарым-қатынасы бар өзге де адамдар жасаған жемқорлық белгісі бар болжамды немесе белгілі заңсыз фактілер, алаяқтық туралы хабарлаған болса, бірде-бір қызметкерге, өкілге санкция салынбайтынына (оның ішінде жұмыстан босату, лауазымын төмендету, ынталандыру төлемдерінен айыру) Қоғам кепілдік береді, мұндай қызметкер пара беруден немесе алудан, коммерциялық пара беруден немесе пара алуға делдал болудан бас тартқан жағдайларды қоса алғанда.

2) Сыбайлас жемқорлық, алаяқтық белгісі бар болжамды немесе белгілі заңсыз фактілер туралы хабарлаған адам өзіне қандай да бір жағымсыз салдар

туындамас үшін құпиялылықты сақтағысы келген жағдайда Қоғам құпиялылықты сақтауға кепілдік береді.

***10) сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың өзге де құқық бұзушылық фактілері туралы ақпаратты қарастыру;***

1) Комплаенс-офицер орын алған немесе болуы мүмкін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де нормативтік құжаттардың ережелерін бұзушылық фактілері туралы ақпаратты қарастырады және мұқият тексереді, оны кез келген байланыс арнасы арқылы алады, оған «Шұғыл қоңырау желісіне» келіп түсетін хабарламалар, комплаенс-офицерге жеткізілетін хабарламалар, Қоғамның ішкі немесе сыртқы аудиті нәтижесінде алынған ақпарат жатады. Қоғам қажетті рәсімдерді енгізеді, қажетті ішкі нормативтік актілерді қабылдайды, тексеру жүргізетін адамдарға барлық қажетті өкілеттіктер мен ресурстарды береді, оның ішінде ұсынылған тексерістерді жүргізу үшін кез келген өзге лауазымды тұлғалар мен бөлімшелерге тәуелді болмау да бар.

Қызметтік тексерулер жүргізу қағидаларына сәйкес тексеріс нәтижелері Басқарма Төрағасы-ректордың немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына ұсынылады. Қызметтік тексеру қорытындысын қарау нәтижесінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де нормативтік құжаттардың орындалуын қамтамасыз ететін шешімдер қабылданады.

2) құқық қорғау органдарына жіберілген материалдарды қоспағанда, қызметтік тексерулердің нәтижесінде және Қоғамға жағымсыз салдарлардың алдын алу жөнінде тиісті шаралар қабылдаған соң ақпарат расталған жағдайда, комплаенс-офицердің ұсынуы бойынша тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылдауға уәкілетті адамдар сыбайлас жемқорлық, алаяқтық белгілері бар болжамды немесе белгілі заңсыз фактілер туралы хабарлаған адамдарды көтермелей алады.

2-1) егер адам құпиялылықты сақтағысы келсе, көтермелеу ол туралы мәліметтердің таралуына жол бермеу шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

3) көтермелеу Қоғам қаражатын үнемдеу есебінен жүргізіледі, біржолғы сипатқа ие және сыбайлас жемқорлық алғышарттары мен алаяқтық туралы хабарлаған адамдарды марапаттау Ережелері негізінде жүргізіледі.

***11) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу:***

1) Мемлекеттік сатып алу кезінде сатып алу рәсімдері мен сатып алуға арналған келісімшарттарға қатысты ақпаратты ашық тарату міндетті шарт болып саналады, онда саудаластыққа қатысуға шақыру туралы ақпарат және әлеуетті қатысушылардың тендерлік өтінімін дайындауға және ұсынуға жеткілікті уақыт беру үшін келісім-шарттар жасасу туралы тиісті немесе орынды ақпарат болуы керек.

2) қоғамға және оның лауазымды адамдарына, қызметкерлеріне, өкілдеріне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарына немесе қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келетін қандай да бір іс-әрекеттер жасау үшін делдалдарды, әріптестерді,

контрагенттерді және өзге де адамдарды тартуға немесе пайдалануға тыйым салынады;

3) Қоғам Университетті сыбайлас жемқорлық әрекетіне тарту тәуекелін барынша азайту және жолын кесу мақсатында бұзушылықтардың алдын алу не анықтау үшін делдалдарды, әріптестерді, контрагенттерді және өзге де адамдарды тексеру жөніндегі рәсімдердің болуын қамтамасыз етеді;

4) Саясатта көзделген қағидаттар мен талаптарды орындау мақсатында Қоғам делдалдармен, әріптестермен, контрагенттермен, агенттермен және өзге де тұлғалармен жасалған шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды (ескертпелерді) енгізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар (ескертпелер) тараптар сақтауы тиіс жалпы қағидаттар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер туралы мәліметтерді қамтуы тиіс және контрагенттердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтамағаны үшін артылатын жауапкершілігін айқындауы керек. *(Саясаттың №3 қосымшасы).*

### **12) аудит және бақылау:**

1) Қоғамда қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі аудит, бухгалтерлік есепте деректердің толық және дұрыс көрсетілуіне және қолданылатын заңнама мен ішкі нормативтік құжаттардың, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта белгіленген қағидаттар мен талаптардың сақталуына бақылау жүргізіледі;

2) ішкі бақылау рәсімдері аясында Қоғамда қызметтің негізгі бағыттары тексеріледі, оның ішінде жүргізілетін төлемдердің заңдылығы, экономикалық негізділігі, шығындардың мақсатқа сай болуы, оның ішінде бастапқы есепке алу құжаттарымен растау және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарына сәйкестігін тексеру.

### **13) қоғамды ақпараттандыру және оқыту:**

Қоғам осы Саясатты Интернет желісіндегі корпоративтік сайтта ашық жариялайды, сыбайлас жемқорлықтан бас тартатыны туралы ашық мәлімдейді, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын барлық контрагенттердің, өз қызметкерлерінің, жұмысшыларының және өзге де тұлғалардың сақтауын құптайды және көтермелейді.

Қызметкерлердің қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттан хабардар болуын қолдау мақсатында және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты практикада қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі үшін қызметкерлерді ақпараттандыру және жүйелі оқыту арқылы Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттан хабардарлығы мен білім деңгейін анықтау мақсатында тестілеу өткізіледі.

## **6-тарау. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАРЫ**

6.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған лауазымды тұлғалар сыйлықтарды алғанда, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын басшылыққа алуы тиіс.

6.2. Қоғам атынан басқа тұлғалар мен ұйымдарға берілген немесе қызметкерлердің Қоғамдағы жұмысына байланысты алған, ұйымдардан және өзге де тұлғалардан алған сыйлықтары, сондай-ақ өкілдік шығындар, оның ішінде іскерлік қонақжайлылық пен Қоғамды дамытуға арналған шығындар көрсетілген мына өлшемшартқа сәйкес болуы тиіс:

1) Қоғам жұмысының заңды мақсаттарымен тікелей байланысты болуы;  
2) ақылға қонымды, шамадан аспайтын және сән-салтанат заттары болмауы;

3) Сыйлықтар немесе Өкілдік шығындар туралы ақпарат ашылған жағдайда Қоғам қызметкерлері мен өзге де тұлғалардың беделіне нұқсан келтіретін тәуекелдер туғызбауға;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың және Қоғамның өзге де ішкі актілерінің қағидаттары мен талаптарына қайшы келмеуге;

5) атқарған жұмысы үшін (*қызметі, әрекетсіздігі, салғырттығы, қамқорлығы, құқық беруі, мәміле, келісім туралы белгілі бір шешім қабылдауы, мүдделік қолдау*) сыйақы (*айқын немесе жасырын*) немесе сыйлықты алған адамның назарын аудартуға немесе оған ықпал етуге тырысу ретінде болмауы;

6.3. Сыйлық алуға болмайды:

1) Қоғамның және оның қызметкерлерінің атынан қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз қаражат түрінде немесе оның кез келген баламасы түрінде;

2) басшылыққа қол астындағылардан, зияткерлік меншік заттарын қоспағанда;

3) Университеттің профессор-оқытушылар құрамына білім алушылардан, зияткерлік меншік заттарын қоспағанда;

Емтихан тапсыру кезеңінде білім алушыларға университеттің профессор-оқытушылар құрамына арнап түрлі фуршеттер, отырыстар ұйымдастыруға тыйым салынады.

6.4 мемлекеттік қызметшіге, лауазымды адамға, басқарушылық функцияларды орындайтын адамға Қоғамның атынан және Қоғам мүддесі үшін сыйлықтар беруге, ұсынуға немесе уәде етуге, ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүліктік сипаттағы қызметтер көрсетуге, қызметшінің атқаратын қызмет бабына байланысты әрекет (*әрекетсіздік*) жасағаны үшін мүліктік құқықтар беруге тыйым салынады.

6.5 қызметкерлердің немесе өкілдердің Қоғам атынан үшінші тұлғаға сыйлықтар беруін және олардың сыйлықтарды алуын есепке алу үшін қоғамда арнайы сыйлықтар тізілімі болуы тиіс.

## 7-тарау. ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

7.1 Қоғам жоғары тұрған басшылыққа немесе комплаенс-офицерге үшінші тұлға немесе әріптестер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілерінің байқалуы жөнінде хабар берудің лауазымды адамдар, қызметкерлер, өкілдер үшін қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілдерін қамтамасыз етеді.

7.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті мәдениет қалыптастыру үшін Қоғамның жаңадан келген қызметкерлеріне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері және онымен байланысты құжаттар таныстырылады.

7.3 Қоғамның кез келген қызметкері не өзге де тұлға, өз әрекетінің немесе Қоғаммен байланыс жасайтын басқа қызметкерлердің, лауазымды адамдардың, өкілдердің, контрагенттердің немесе өзге де адамдардың әрекетінің (әрекетсіздігінің) заңдылығына алаңдаушылық немесе күмән туындаған жағдайда өзінің алаңдаушылығы немесе күмәні туралы тікелей басшысына не комплаенс-офицерге хабарлай алады.

7.4 Қоғам коммерциялық артықшылықтар немесе ортақ қамқоршылық алу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері, халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдары мен олардың жақын туыстары үшін (немесе олардың мүддесі үшін) кез келген шығынды төлеуден тартынады, оның ішінде көлікке, тұруға, тамақтануға, ойын-сауыққа, жарнамаға жұмсалатын шығындар немесе олардың Қоғам есебінен өзге де пайда алуы.

7.5 Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қабылдаған жағдайда мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін кез келген ұсыныстан бас тартуы керек.

7.6 Қоғамда құқық бұзушылық фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлаудың тәртібі белгіленуі тиіс.

## **8-ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІСКЕ ҚАТЫСУ**

Қоғам коммерциялық артықшылықтарға ие болу үшін қайырымдылық жобаларын қаржыландырмайды.

## **9-тарау. САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ**

Қоғам коммерциялық артықшылықтарға немесе жалпы қамқорлыққа ие болу үшін саяси партияларды, ұйымдар мен қозғалыстарды, жекелеген саяси тұлғаларды қаржыландырмайды.

## **10-тарау. САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖАУАПТЫЛАР**

10.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізуге және оны Қоғамда қабылдауға Басқарма төрағасы-ректор жауапты, ол Қоғам қызметкерлерінің осы Саясаттың талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманың және Ұйымның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын жүргізуге бағытталған ішкі нормативтік актілерінің орындауын қамтамасыз етеді.

10.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мен осы саясатты жүзеге асыруға комплаенс-офицер жауапты, ол:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес ұйымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған ішкі нормативтік актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынады;

3) қоғам қажетті ішкі нормативтік актілерді қабылдайды және қоғамның комплаенс-офицерінің тәуелсіз қызметін ұйымдастыруға қажетті әкімшілік, техникалық және өзге де шараларды жүргізеді.

10.3 Комплаенс-офицер Қоғамның атқарушы органына бағынышты емес, оны Директорлар кеңесі тағайындайды және осы саясатты іске асыруда оған есеп береді.

## **11-ТАРАУ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН САҚТАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

11.1 Қоғаммен шарт жасасқан лауазымды тұлғалар, қызметкерлер мен өзге де тұлғалар осы Саясаттың талаптарын сақтауы тиіс, олар негізгі қағидаттар, талаптар және талапты бұзғаны үшін салынатын санкциялар туралы хабардар етілуі керек.

11.2 Еңбек шартын жасасу кезінде қоғамның әрбір қызметкері, сондай-ақ лауазымды тұлғалары мен өкілдері Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылға қатысты ішкі нормативтік актілерімен танысып, қол қоюы тиіс.

11.3 Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтамағаны үшін, сондай-ақ осы қағидаттар мен талаптарды бұзған қол астындағы адамдардың әрекеті (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапты болады.

## **12-тарау ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫМЕН ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ**

12.1. Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық - Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы декларацияланатын мінез-құлық стандарттарын ұстануының маңызды көрсеткіші.

12.2. Қоғам өзіне жария міндеттеме алады:

1) Қоғам өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтардың болғаны туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға;

2) лауазымдық міндеттерін орындау барысында өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылық жасалғаны туралы ақпаратты Құқық қорғау органдарына хабарлаған өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты қандай да бір санкциялардан аулақ болуға;

3) Қоғамның лауазымды адамдарының/қызметкерлерінің/өкілдерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүргізу кезінде құқық қорғау органдарының қызметіне заңсыз араласуына жол бермеуге;

4) Қоғам құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-шаралар жүргізуде жәрдем көрсетеді.

### 13. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

13.1. Қоғам жүйелі түрде өзінің саясаты мен рәсімдерін қайта қарастырып отырады.

13.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР НҚА өзгерген жағдайда, саясаты мен рәсімдерін қайта қарау құқығы Қоғамның өзіне қалдырылады.

### 14-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

Осы Саясат Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

«М.Өтемісов ат. БҚУ» КеАҚ  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының  
№1 қосымшасы  
(202\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_)

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен оларға теңестірілген тұлғалар үшін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес:

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

Мен, \_\_\_\_\_  
(аты, тегі, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 13, 14, 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүддеге сай пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерді қабылдаймын:

1. Лауазымды тұлғаның орындайтын міндеттеріне жатпайтын қызметті жүзеге асыру;

1) жақын туыстардың, жұбайлар мен қайын жұртының бірлесе қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;

2) Қоғамның ресми таратуға жатпайтын құпиясын және өзге де ақпаратын мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығарып алу мақсатында пайдалану;

3) Сыйлықтарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты қабылдау.

2. Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымдық орынға қабылдаудан бас тартуға немесе лауазымынан алып тастауға (*лауазымынан босатуға*) әкеп соғады, шектеулерді сақтамауы қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда олардың өз өкілеттілігін тоқтатуына негіз болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің шартын орындауды міндетіме аламын.

\_\_\_\_\_ (қолы)  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл

«М.Өтемісов ат. БҚУ» КеАҚ  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының  
№2 қосымшасы  
(202\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ )

### МІНДЕТТЕМЕ

Бұл форма Сіздің оны шынымен өте мұқият, терең ұғынып әрі зерделегеніңізді, осылайша «М.Өтемісов атындағы БҚУ» КеАҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын (*бұдан әрі - Саясат*) және/немесе «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы №410-V Заңын (*бұдан әрі - Заң*) қатаң сақтауға міндеттенетініңізді растау үшін қолданылады.

«М.Өтемісов атындағы БҚУ» КеАҚ-ның (*бұдан әрі - Қоғам*) лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Саясат қабылданған күннен бастап, ал жаңадан қабылданғандар Қоғамда еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқаруды бастаған сәттен бастап дереу осы міндеттеменің белгіленген формасын толтырып, қол қоюы тиіс.

Қоғам қызметкерлері үшін:

Осы үлгіні толтырып, қол қойып, қағаз түріндегі нұсқасын жеке іске қосу үшін Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі басқармаға жолдауыңыз сұралады	Сіз өзіңіздің қызметтік міндетіңізді орындауға кіріскен сәттен бастап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын мұқият оқып білуге, жете ұғынуға және аса жауапкершілікпен орындауға міндеттісіз:
	Тиісті ұяшықтарға қолыңызды қойыңыз:
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты оқып зерттегенімді және түсінгенімді растаймын.
	Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты адал ұстануға міндеттенемін.

		Аты-жөні:	
		Қолы:	Күні:

«М.Өтемісов ат. БҚУ» КеАҚ  
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының  
 №3 қосымшасы  
 (202\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ №\_\_)

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме

1. «М. Өтемісов ат. БҚУ» КеАҚ Шарт жасасқан екінші тарапқа Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, іскерлік әдеп пен парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтаудың міндеттілігі туралы хабарлайды.

2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын не бұзуға ықпал ететін әрекеттерді жасамайды, жасауға итермелемейді.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ҚР Қылмыстық Кодексінің 3-бабының 29-тармағында көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер, сонымен қатар Қазақстан Республикасының немесе Тараптар мекендейтін және/немесе бизнес жүргізетін елдің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, коммерциялық пара алу немесе Тараптардың қызметкерінің мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы қандай да бір игіліктер немесе қызметтер түрінде пайда алу үшін Тараптардың заңды мүдделеріне қарамастан өзінің қызметтік жағдайын заңсыз пайдалануы, өзі үшін немесе үшінші тұлғаға өзге де мүліктік құқықтарды алуы, немесе аталған адамға басқа жеке тұлғалардың мұндай пайданы заңсыз беруі және өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алуы жатады

4. Ынталандыру қызметкерді белгілі бір тәуелділікте ұстап және оған ынталандырушы тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындатуға бағытталғанда, тараптар екінші Тараптың қызметкерлерін ынталандырудан бас тартады.

5. Тараптар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелер, шарттар уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талабы бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының *(бұдан әрі-Заң)* 26-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен сот шешімі арқылы жарамсыз деп танылады.

7. Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде актілерді қабылдау мен іс-әрекеттер жасау - оларды тиісті актілердің күшін жоюға (қолданылуын тоқтатуға) уәкілеттік берілген адамдардың жоюы (жарамсыз деп тануы) арқылы, не мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талабымен сот арқылы жоюына негіз болады.

8. Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адам бұл туралы жоғары тұрған басшыны және (немесе) мемлекеттік органның не өзі қызмет ететін ұйымның басшылығын және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.